

## Түлкібас ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 238 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес, Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түлкібас ауданы әкімдігінің мына қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Түлкібас ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 525 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2805 нөмірімен тіркелген, 2014 жылы 26 қыркүйекте аудандық "Шамшырақ" қоғамдық-саяси газетінде ресми жарияланған);

2) "Түлкібас ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 525 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Түлкібас ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 39 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3016 нөмірімен тіркелген, 2015 жылы 20 ақпанда аудандық "Шамшырақ" қоғамдық-саяси газетінде ресми жарияланған).

2. Осы қаулының көшірмесі Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментіне, Оңтүстік Қазақстан облыстық аймақтық құқықтық ақпарат орталығына және аудандық "Шамшырақ" қоғамдық-саяси газетіне жолдансын.

*Аудан әкімі*

*Қ.Абдуалиев*